

темір», «Тағылым – тал бесіктен» деген тұжырым ұсынып, әкенің баласын шындау мақсатындағы қатал тәрбиесіне оң баға береді.

Кенесарының түсінде өзін бассыз көруіне қатысты шығарма үзіндісінде «Халықтың күші – оның бірлігінде», « Көшбасшының болмауы – шайқастың тоқырауы» , «Ұрпақтың адал болмауы – халық қасіреті»; уақыт кеңістігіне қатысты идея туындатуда «Мөлдір бұлақтың дарияға айналмауы – Ресей отаршылдығының кесірі», «Еліміздің дария болуы – болашақтың үміті» осы негізде болашаққа қатысты метафоралық модельдеуде «Қазақ – еркін ұшқан қыран»; «Ел билігінде тәсілқой, білікті һәм білімді адам отыруы қажет» осы идеялар бойынша метафоралық модельдеуде Кенесарыны «Жаралы жолбарыс», «Панасыз қамқоршы», «Тәсілқой көшбасшы», «Лай судағы алтын балық»деп бағалап, осы тұжырымына бірнеше дәлел ұсынды.

AR тиімділігін анықтау мақсатында шығыс сауалнамасы алынды: «Мәселені уақыт кеңістігінде талқылап, идея шығару Сіз үшін қаншалықты маңызды болды?» дегенге 25%-ы «Автор идеясын түсінгендіктен жеңіл болды»; 40%-ы «Идея туындатуда автордың ойына тәуелсіз құрастыруға мүмкіндік алдым»; 35%-ы «Көркемдік танымды тарихи дерекпен байланыс орнату арқылы түсінік қалыптастыра алдым»; «Идея туындатуда қай дағдыңызды жетілдіру керек деп ойлайсыз?» сауалына 70%-ы «идея шығаруда ойды жинақы ұйқасқа құрып, мақал-мәтел сияқты тұжырымды ұсыну», 12 % оқушы «мақал-мәтелмен тұжырымдау», 18% «идея арқылы шешім ұсыну». Сауалнама нәтижесі шығарылды, идея шығаруда ойды ұйқасқа құруға, мақал-мәтел сияқты ұйқасты, жүйелі, жинақы ұсынуға бағыттауға көбірек мән беру керек деген тұжырым шығарылды.

Қорыта келгенде, оқушының идеяны айқындау және туындату деңгейі біршама жетілді, белгілі бір тақырып негізінде ақпаратты жоспарлап, өңдей алу біліктілігінің қалыптасуына жағдай жасалды. Концептуалды оқытуды өзге әдістермен кіріктіре қолдану оқушылардың идея туындату мүмкіндігін ашуына, ойды тұжырымды жеткізу жолында ізденіске жетеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абдрахманова А.Е. Көркем мәтіндегі концептілік жүйе. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы (пәнаралық) = Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный). – 2015. - №1 (84). – Б. 39-44.
2. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2006. – 125 б.
3. ДББҰ Назарбаев Зияткерлік мектебі «Программа развитие одаренности детей». - Астана, 2013. – 531 б.
4. https://massaget.kz/mangilik_el/top_tamyir/asyil_soz/64288/ Концептінің құрылымы.
5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ әдебиеті» (Т1) пәні бойынша оқу бағдарламасы, Негізгі мектеп (6-10-сыныптар), Нұр-Сұлтан, 2019.
6. Жанпейісова М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002.
7. Қойлық Н. О., Каупенбаева С.М. Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі. Әдістемелік нұсқаулық. – Алматы, «Өрлеу» БАҰО, 2019. – 38 б.
8. <https://kerchtt.ru/kk/sinektika-forma-poiska-novyh-idei-s-pomoshchyu-analogii-analogiya-pryamaya/> «Синектика – аналогия арқылы жана идеяларды іздеудің бір түрі. Тікелей аналогия».

Қаппасова Әйгерім

Филология факультетінің 4-курс студенті
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ғылыми жетекші:
ф.ғ.к., профессор ассистенті Саменова С.Н.

КЕЙБІР ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯСЫ

Қазақ тілінің сөздік қорынан ауқымды орын алатын сөздердің бір тобы – туыстық атаулар. Осы туыстық қазақы атаулар арқылы қазақ тілінің сөз байлығының мол екендігі таныла түседі. Жалпы алғанда туыстық атауларды шартты түрде бір отбасындағы туыстық

атаулар және туыстық қарым-қатынастағы атаулар деп бөлуге болады. Бір отбасындағы туыстық атауларға ата, әке, әже, ана, шеше, сіңілі, қарындас сияқты сөздерді жатқызсақ, туыстық қарым-қатынастағы атауларға абысын, бөле, балдыз, жезде, құдағи сияқты сөздерді жатқызуға болады.

Туыстық қатынасты қарастырған еңбектерде қазақтың туыстық қатынастарын өзара сабақтас үш жұртқа жіктеп айту қалыптасқан. Біріншісі – адамның әкесі жағынан туысатын жұрты. Әйел адамдар ол төркін жұрт болып танылады. Екіншісі – шешесі жағынан туысатын нағашы жұрты болса, үшіншісі – әйелі не күйеуі жағынан туысатын қайын жұрты.

Туыстық атауларды жүйелеп, сенімді деректер ұсыну арқылы жіктеп берген ғалым – Ақселеу Сейдімбек. Ғалымның «Қазақтың ауызша тарихы» еңбегінде [1] туыстық атаулар барынша талданады. Автор туысқандық атау-терминдерді жіктеп-жүйелеу барысында, айтылушы адамның қай жұртқа қатысы бар адам екенін ең негізгі белгі (критерий) ретінде басшылыққа алады. Оның себебін былай түсіндіреді: «Мұндай ұстанымның өзіндік қисыны бар. Айталық, бажалардың, әдетте, әулет-аталары немесе рулары бөлек болып келеді... Бұл ретте, бұрын бірін-бірі танымайтын адамдарды бір-біріне бажа етіп, туыстастыратын дәнекер – бірге туған апалы-сіңлілі адамдар. Былайша айтқанда, бірге туған апалы-сіңлілі адамдардың күйеулері бір-біріне бажа болады. Демек, бажаны қайын жұртқа жатқызу қисынды. Сондай-ақ, жиенді алайық. Жиен – айтушы адамның не әпкесінен, не қарындасынан, не сіңлісінен туған бала. Яғни, жиенді (руы бөлек болса да) өз жұртына жатқызу қисынды» [1, 337].

Қазақ халқының туыстық атауларының ауқымы кең, бұл шағын мақалада оның барлығын тарқатып айтып шығуды мақсат етіп отырған жоқпыз. Біздің мақсат – кейбір туыстық атаулардың сөзжасамдық ұясын анықтау. Туыстық атаулардан өрбіген туынды сөздердің сөзжасамдық ұясы қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысанына іліге қойған жоқ.

Қазақ тілінің сөзжасамын алғаш рет ғылыми тұрғыдан сипаттап берген монографияда сөзжасамдық ұяға мынадай анықтама беріледі: «Сөзжасамдық ұя деп бір негізгі түбірден тараған туынды түбірлердің жиынтығы аталады. Түбірлес сөздердің белгісі олардың бәрінің құрамында оларға негіз болған ұяның түп негіз сөзі болуға тиісті. Ұяның түп негіз сөзінің ұядағы түбірлес сөздердің барлығының құрамынан орын алуы - ол түбірлес сөздердің қай ұяның түбірлес сөздері екенінің айғағы» [2, 51].

Құрамы жағынан бір сөзжасамдық ұяда бір ғана негізгі түбір сөз болады да, ұя мүшелерінің басқалары туынды түбір сөз болып келеді. Ұядағы бір негізгі түбір - ұяның түп қазығы, ол ұяның жасалуында түп негіз сөз қызметін атқарады. Оны ұя жасаушы сөз деуге болады. Түп негіз сөз біреу болса да, ол ұядағы барлық туынды сөздердің құрамына кіреді, сондықтан да ұядағы туынды түбірлер түбірлес сөздер болып танылады.

Сөзжасамдық ұя – өте жүйелі, күрделі тілдік құбылыс. Сөзжасамдық ұя мүшелері белгілі тәртіпте орналасады. Ұя мүшелерінің орналасу тәртібі сөзжасамдық сатыға, тізбекке байланысты. Мысалы, қазақ тілінде жасы үлкен ағаның, туыстардың жұбайы, әйелі мағынасында қолданылатын «жеңге» түп негіз сөзінен тараған ұяда мынадай сөздер бар: *жеңгетай, жеңгетайлық, жеңгетайшыла, жеңгелей (жеңгелей алды), жеңгедей, жеңгей, жеңгелі, жеңгелік, жеңгеле, жеңгелет, жеңгелету*. Осы сөзжасамдық ұяда он бес туынды сөз жасалғандығы байқалады. Демек, туыстық ұғымды білдіретін «жеңге» сөзінің сөзжасамдық қабілетін орташа деңгейде деп тануға болады. Жаңадан туындаған әр сөзде сөзжасамдық мағына болады. Осы ұяда жасалған «жеңгетай» сөзінің сөзжасамдық мағынасына талдау жасап кетейік. Жеңгетай – 1. *Жеңгені құрметтеу, сыйлау нышанымен айтылатын зат есім мағынасындағы сөз*. Мысалы: – Уу! *Жеңгетай* ұйықтармын, Түн ұзақ қой, түн ұзақ, Түн қараңғы, жау қалың Мызғырмын ертең күндіз-ақ (С.Сейфуллин).

2. *Қызбен таныстырғаны, кездестіргені үшін жігіттің қыз жеңгесіне беретін тарту-таралғысы, сыйы, күйеу жігіттен алынатын кәде деген этнографиялық мағынадағы зат есім сөз*. Мысалы: *Жеңгетай* қыз бен жігітті таныстырғанда да, күйеу ұрын барғанда да алынады (ҚСЭ).

Ал, осы «жеңгетай» сөзімен жұп құрайтын, бір тізбекке жататын «жеңгетайлық» деген сөздің мағынасы – *қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрпындағы қыз бен жігіттің арасына дәнекерлік жасайтын іс-әрекет*. Мысалы: Екі жас қосылған жағдайда *жеңгетайлық* жасаушы

сый-сыяпат алып, түрлі құрметке бөленеді (ҚҰЭ). Осы этнографиялық мағынасымен қоса бұл сөздің мағынасы кеңейіп, дамып, бүгінде заң термині ретінде де қолданылып жүр. Заң термині ретінде жезөкшелікпен айналысатын топтар мен арнаулы орындарды ұйымдастырып, зинақорлық жасаушы адамдарды өзара кездестіретін, сол арқылы пайда табуды көздейтін қылмыстық іс-әрекет мағынасын береді [3, 114]. Бұдан ұяда жасалған аталымның мағыналық жақтан дамитындығы, сөйтіп сөздік қорды байыта түсетіндігі байқалады.

Қазақ тілінде өте құрметпен айтылатын туыстық атаудың бірі – «ана» сөзі. Бұл сөз балалы болған әйел, туған шеше, жасы үлкен әйелдерді құрметтей айтылатын сөз мағыналарында жұмсалады. Сөздік қорымызда осы «ана» сөзінен туындаған қанша мағыналы сөз бар екендігіне тоқталып көрейік.

Ана – аналық, анажан, анала, аналас, аналы, анасыз, анасыздық. Ұяда алты тізбек, жеті жұп бар: ана мен аналық – бір жұп; ана мен анажан – екінші жұп; ана мен анала – үшінші жұп; ана мен аналас – төртінші жұп; ана мен аналы – бесінші жұп; ана мен анасыз – алтыншы жұп; анасыз бен анасыздық – жетінші жұп. Байқап отырғанымыздай, бұл сөздің сөзжасамдық ұясында санаулы ғана сөздер бар. Алты тізбектің бесеуі бір ғана сатыдан тұрса, біреуі екі сатыдан құралған. Демек, туыстық атауды білдіретін бұл сөздің сөзжасам қабілеті төмен. Ұядағы анасыз, анасыздық сөздері ғана екі сөзден тізбек құрай алады, қалғандары бір сөзбен шектелген. Мысалы, *анасыз* сөзі «анасы жоқ, шешесіз» деген сындық мағынаны білдірсе, *анасыздық* сөзі «анасы жоқтық, жетімдік» деген абстракты ұғымдағы заттық мағынаны білдіреді. Сондықтан бұлар тілде жеке-жеке мағынада қолданылатын туынды сөздер ретінде танылады да, бір сөзжасамдық ұяда, бір тізбекте жасалған түбірлес сөздер қатарына жатады. Мына мысалдарда ол мағыналары айқын көрінеді: *Анасыз* ақын да болмайды, батыр да болмайды (М.Әлімбаев). Біреулер балдай аңсайды бақты, Қасірет тұтып баласыздығын, Қырыққа келіп қалсам да Қатты батады маған *анасыздығым* (М.Сатыбалдиев).

Туыстық мәнде қолданылатын сөздің бірі – «ата» сөзі. Бұл сөздің ұясын жасап көрейік: ата – аталас – аталастық; ата – атадай; ата – атала – аталат; ата – аталық; ата – атажан; ата – атаман; ата – атай; ата – атакеш; ата – ататай; ата – атасыз – атасыздық. Бұл ұядан он тізбек, он үш жұп құралды. Он тізбекте он үш туынды сөз жасалды. Олай болса, бұл сөздің сөзжасамдық қабілеті алдыңғы талданған сөздерге қарағанда әлдеқайда жоғары болып тұр. Ұядағы «аталас» сөзінің мағынасы «туыстас, рулас, ағайын» деген сындық ұғымды білдірсе, «аталастық» сөзі «туыстастық, руластық, ағайындастық» деген абстрактылы заттық мағынада жұмсалады. Мысалы: Сол орайда Тобықтының Оразбайы ғана емес, әсіресе бұның *аталас* туыстары, ұраны бір ет жақындары қанын ішіне тартып, түршіге демалатын бір сөздерге ауысты (М.Әуезов). Әлі жегжат, *аталастық*, ауылдастық ыңғайымен жүретін жігіттер бірінен бірі айрылғысы келмейді (Ғ.Мүсірепов).

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық ұя мәселесі синтетикалық тәсіл аясында ғана кеңінен зерттеліп отыр. Біз де осы мақалада туыстық атауды білдіретін кейбір сөздердің сөзжасамдық ұясын синтетикалық тәсіл арқылы таратып шықтық. Ал бұл сөздерден аналитикалық тәсіл арқылы да туынды сөздер жасалатыны белгілі.

Жоғарыдағы талдаулардан байқағанымыздай, кейбір туыстық атаулар оннан аса түбірлес сөздің туындауына негіз бола алса, кейбіреулерінің сөзжасам қабілеті өте төмен, олардан төрт-бес сөз ғана, тіпті одан да аз сөз жасалуы мүмкін. Десек те, туыстық атаулардан жасалған сөздердің сөзжасамдық ұясын анықтап, олардың сөзжасамдық мағыналарын айқындаудың маңызы зор. Өйткені, қазақ тілінің сөздік қоры осы жасалымдар арқылы да толығып отырғаны ақиқат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.
2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6- том /Құраст. Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б./ – Алматы, 2011. – 752 б.